

**"Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 270 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 1 қарашада № 15954 болып тіркелді

"Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы 1-тармағының 19-12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10730 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді ( радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларында:

1-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) өтініш беруші - жеке немесе заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі, лицензиат, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар иесінің өкілі, не оның сенім білдірілген тұлғасы;"

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Жиілік белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру тәртібі";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өтінім беруші РЖР пайдаланатын орны бойынша өтінімді "электронды үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталымен (бұдан әрі – Портал) электрондық түрде осы

Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мынадай рұқсаттар алу үшін береді:

1) осы Қағидалардың 4-15-тармақтарында көзделген тәртіпте Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсатын. Байланыстың әр түріне жеке өтінім беріледі;

2) осы Қағидалардың 47-58-тармақтарында көзделген тәртіпте радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға.

Кеме станцияларына рұқсат Қазақстан Республикасы Теңіз жылжымалы қызметінің Радиобайланыс қағидаларында және Халықаралық электробайланыс одағының Радиобайланыс регламентінде көрсетілген нысан бойынша беріледі.";

5-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сұралып отырған радиожиліктер белдеулерінің (номиналдың) негіздемесі келтірілетін түсіндірме жазба, онда жоспарланып отырған радиожелінің ( радиотораптың) мақсаты мен сипаты, пайдаланылатын стандарттар мен хаттамалардың , пайдалануға жоспарланған РЭҚ ерекшеліктері, байланысты ұйымдастыру сызбасы егжей-тегжейлі баяндалады. Оның ішінде, түсіндірме жазбаға:

HUB-станциясымен спутниктік байланысты ұйымдастыру үшін бөлінетін радиожилік номиналдарын (жолағын), ЭИСК, сәуле шығару класы, VSAT-станциялар үлгісін көрсете отырып, спутниктік байланыс операторы хатының көшірмесін;

Қазақстан Республикасының аумағында геостационарлық емес спутниктерді пайдалану үшін Халықаралық электр байланыс одағының Радио байланыс регламентіне сәйкес геостационарлық емес спутниктік желісін тіркеуге Халықаралық электр байланыс одағының оң қорытындысының көшірмесі;

телерадио хабарларын тарату үшін жиілік белдеуін, радиожилікті (радиожилікті арналарды) бөлу бойынша өткізілген конкурстың оң нәтижесі;

Қазақстан Республикасының аумағындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктері үшін Қазақстан Республикасының аумағында РЖС рұқсатын алуға келісім туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі хатының көшірмесі қоса беріледі;"

7-тармақ алынып тасталсын;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) РЖС рұқсатын алуға өтінім келіп түскеннен кейін, өтінімді дұрыс ресімдеген жағдайда, екі жұмыс күні ішінде:

1) жылжымалы байланыс, сымсыз радиоға қол жеткізу желілерін (WLL), ұялы байланыс, ГХТ және РХТ байланыс түрлерін қоспағанда, барлық байланыс түрлері бойынша Мемлекеттік техникалық қызметке өтінім жолдайды.

33-48,5 МГц; 57-57,5 МГц; 117,975-137 МГц, 146-174 МГц, 380-385 МГц, 390-470 МГц диапазонында азаматтық мақсатқа арналған радиожилік спектрінің

республикалық деректер қорына сәйкес осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық қорытынды дайындалады;

2) жылжымалы байланысы, сымсыз радиоға қол жеткізу желілері (WLL), ұялы байланысы, ТХТ және РХТ байланыс түрлері бойынша өтінімді қарау үшін уәкілетті органға жолдайды. Уәкілетті орган өтінім келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінімді қарап, оны Мемлекеттік техникалық қызметке және (немесе) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне жолдайды.";

мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

"11-1. РЖС рұқсатын алуға өтінімді дұрыс ресімдемеген жағдайда, аумақтық бөлімше өтініш келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінімді одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды дайындап, өтінім берушіге жолдайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мемлекеттік техникалық қызмет аумақтық бөлімшеден және (немесе) уәкілетті органнан өтінім келген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде РЭҚ және ЖЖҚ ЭМУ алдын ала есептеу рәсімін жүргізеді және:

1) оң нәтиже болған жағдайда, өтінім иесін, аумақтық бөлімшені хабарлайды және өтінімді уәкілетті органға жолдайды;

2) теріс нәтиже болған жағдайда осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес өтінім берушіге негізделген жазбаша бас тарту жолдайды және осы туралы аумақтық бөлімшені және (немесе) уәкілетті органды хабардар етеді.";

13-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қорғаныс министрлігінің келісу нәтижесі оң болғаннан кейін, қажеттілігі РЭҚ және ЖЖҚ-ның ЭМУ жүргізілген алдын-ала есебінің нәтижесі бойынша айқындалатын РЭҚ-ның және ЖЖҚ-ның кедергісіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында шекаралас мемлекеттермен РЖС халықаралық үйлестіру рәсімін жүргізеді.

Егер ЖЖҚ мен РЭҚ ЭМУ есептеу кезінде Қазақстан Республикасының шекара маңы аймақтарында орнату жоспарланып отырған ЖЖҚ мен РЭҚ шекаралас мемлекеттің РЭҚ және ЖЖҚ кедергі келтіретіні анықталған болса, онда шекаралас мемлекеттер арасында жасалған Келісімдерге және (немесе) Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс регламентіне сәйкес халықаралық үйлестіруді жүргізуді талап етіледі. Бұл жағдайда, өтінімді қарастыру төрт айдан аспайтын мерзімді құрайды.

Шекаралас мемлекеттермен РЖС халықаралық үйлестіруді жүргізу қажет болған жағдайда, уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде өтінімті берушіге өтінімді қарау мерзімінің ұзартылатыны жөнінде алдын ала хабарлама жолдайды.";

14-тармақ алынып тасталсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жұмыстардың жүргізілген нәтижесі бойынша келісу және (немесе) халықаралық үйлестіру рәсімдерінің нәтижелері келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) келісу және (немесе) халықаралық үйлестіру рәсімдерін жүргізу нәтижесі оң болған жағдайда, осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес кодтарды иелене отырып, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес РЖС рұқсатын ресімдейді;

2) келісу нәтижелері теріс болған жағдайда, уәкілетті орган осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес өтінім берушіге, аумақтық бөлімшеге және Мемлекеттік техникалық қызметке бұл туралы хабардар етеді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. РЖС рұқсаты РЖС пайдалану орны бойынша тиісті аумақтық бөлімшемен РЖС пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке өткен жылға және жылдық төлемнің бір бөлігі төленгенін растайтын құжатты ұсынылғаннан кейін келесі күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейінгі мерзімді көрсетіп жыл сайын ұзартылады. Ұзарту туралы жазу аумақтық бөлімше басшының электронды цифрлық қолтаңбасымен расталады.

Аумақтық бөлімшенің РЖС рұқсатының мерзімін ұзарту туралы өтінімін қарастыру мерзімі өтінім келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күнінен аспайды.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. РЖС рұқсаты осы Қағидалардың 12-15-тармақтарында көрсетілген тәртіпте рәсімдерді өткізбей мынадай:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы өзгерген;

2) иесі немесе өтінім беруші байланыс және телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметке лицензияны алған (және/немесе қайта ресімдеу);

3) РЖС пайдалану үшін ұзарту жолдары аяқталған (егер РЖС рұқсат бұрын қағаз түрінде алынған болса);

4) егер заңды тұлға қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мұрагері болып табылған;

5) егер техникалық параметрлері, РЭҚ және ЖЖҚ-ның міндеті мен орнату орны өзгермеген, сондай-ақ техникалық мәліметтер бұрын берілген рұқсатта көрсетілген мәнінен аспаған;

б) иесі немесе өтінім беруші РЖС-ға рұқсатты электрондық түрге ауыстырған (осы Қағидалардың 31-тармағы 5) тармақшасының талаптарын сақтаған жағдайда) жағдайларда қайта ресімдейді.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. РЖС рұқсатын қайта ресімдеу және телнұсқасын алу үшін осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша РЖР-ны пайдаланатын орын бойынша Порталмен электрондық түрде өтінім беріледі.

Өтінімге келесі құжаттар ұсынылады:

1) түсіндірме жазба;

2) РЖС рұқсатының көшірмесі (қағаз түрінде алынған жағдайда);

РЖС рұқсаты электрондық түрде алынған жағдайда (портал арқылы) РЖС рұқсаты талап етілмейді.

3) ұсынылған хабарламаға сәйкес бойынша өтінім берілген мерзімге дейінгі РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке аумақ бойынша төлемақы төленгенін растайтын құжат;

4) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, құқықтық мұрагерлікті растайтын құжат;

5) осы Қағидаларға 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тиісті радиобайланыс түріне РЭҚ-ке арналып толтырылған сауалнама (кеме станциялары үшін осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес техникалық деректерді көрсете отырып, толтырылған сауалнама ұсынылады).

Осы Қағидалардың 31-тармағының 1) тармақшасына сәйкес электрондық түрде алынған (портал арқылы) РЖС рұқсатын қайта рәсімдеген жағдайда, РЭҚ-ға арналып толтырылған сауалнама қажет етілмейді.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Уәкілетті орган аумақтық бөлімшеден өтінім келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде техникалық параметрлері, РЭҚ және ЖЖҚ-ның міндеті мен орнату орны өзгерген жағдайларды қоспағанда, РЖС рұқсатын қайта ресімдейді.

Техникалық параметрлері, РЭҚ және ЖЖҚ-ның міндеті мен орнату орны өзгерген жағдайларда, РЖС-ға рұқсатты қайта ресімдеу, осы Қағидалардың 12-15-тармақтарында көрсетілген рәсімдерді өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Аумақтық бөлімшелер мен Мемлекеттік техникалық қызметке қайта ресімделген РЖС рұқсаты Портал арқылы электрондық түрде түседі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. РЖС пайдаланудан бас тартқан жағдайда, пайдаланушы РЖС рұқсатының күшін жоюға мынадай құжаттарды ұсына отырып, өтінімді Порталмен электрондық түрде береді:

1) РЖС рұқсатын алуға бас тарту себептерін және жою күнін көрсете отырып, ерікті нысандағы өтініш;

2) РЖС-не рұқсат (егер РЖС рұқсат электрондық түрде Портал арқылы алынған болса, аталған құжат талап етілмейді);

3) ұсынылған хабарлама бойынша өтінім берілген мерзімге дейінгі РЖС пайдалану үшін мемлекеттік бюджетке аумақ бойынша төлемақы төленгенін растайтын құжат.

Өтінім дұрыс ресімделген жағдайда, аумақтық бөлімше екі жұмыс күні ішінде өтінімді уәкілетті органға қарауға жібереді.

РЖС-не рұқсат қағаз түрінде алынған жағдайда, осы тармақтың 1) - 3) тармақшаларына сәйкес құжаттарды ұсына отырып, өтінім РЖР пайдалану аумағы бойынша аумақтық бөлімшеге уәкілетті органға жолдау үшін беріледі.

Уәкілетті орган аумақтық бөлімшеден өтінім келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде РЖС рұқсатының күшін жояды.

РЖС-не рұқсаттың күшін жою уәкілетті органның хатымен расталады.

Өтінім берушіге, аумақтық бөлімшеге және Мемлекеттік техникалық қызметке РЖС рұқсатының күшін жою туралы хат Портал арқылы электрондық түрде түседі."; мынадай мазмұндағы 38-1-тармағымен толықтырылсын:

"38-1. Осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген себептері бойынша РЖС-не рұқсатты қайтарып алу үшін, аумақтық бөлімше уәкілетті органға қолдаухат және РЖС пайдаланушыға хабарлама жолдайды.";

3-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігінің есебін жүргізу тәртібі";

4-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану тәртібі";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. РЭҚ және ЖЖҚ пайдалану аумағы өзгерген, РЭҚ және ЖЖҚ ауыстырған жағдайда, иесі немесе өтінім беруші РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға жаңа рұқсат ресімдеу қажет.

Қондырғы ұқсас қондырғыға ауыстырылғанда және техникалық параметрлері, РЭҚ және ЖЖҚ пайдалану аумағы сақталған жағдайда РЭҚ және ЖЖҚ пайдалану рұқсатын қайта рәсімдеу талап етілмейді.

Аумақтық бөлімше өтінім берушіден өтінім келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға жаңа рұқсат береді.";

51-тармақ алынып тасталсын;

58-тармақ алынып тасталсын;

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 11, 15 және 19-қосымшалар, осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (Ә.Ғ. Қожықов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы

республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі*

*Д. Абаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі

\_\_\_\_\_ Е. Біртанов

2017 жылғы 15 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 4 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі

\_\_\_\_\_ С. Жасұзақов

2017 жылғы 6 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Әбдірахманов

2017 жылғы 14 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің  
төрағасы

\_\_\_\_\_ К. Мәсімов

2017 жылғы 16 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
 Ұлттық экономика министрі  
 \_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов  
 2017 жылғы 25 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
 Ақпарат және коммуникациялар  
 министрінің  
 2017 жылғы 28 шілдедегі  
 № 270 бұйрығына  
 1-қосымша  
 Жиіліктер белдеулерін,  
 радиожііліктерді (радиожіілік  
 арналарын) иелікке беру,  
 радиоэлектрондық құралдар  
 мен жоғары жиілікті  
 құрылғыларды пайдалану,  
 сондай-ақ азаматтық мақсаттағы  
 радиоэлектрондық құралдардың  
 электромагниттік үйлесімділігін  
 есептеуді жүргізуқағидаларына  
 1-қосымша

**Радиоэлектрондық құралдардың және жоғары жиілікті құрылғылардың тізбесі\***

№	Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құралдардың түрлері	Жиілік диапазоны	Таратқыштың рұқсат етілген қуаты (ЭИСК – Эквиваленттік изотроптық сәуле шығару қуаты) /Өріс кернеулігі	Пайдаланылатын арнаның ені	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1.	Радиосәуле шығару құрылғыларынан тұрмайтын тұрмыстық техника бұйымдары мен тұрмыстық радиоқабылдағыш құрылғылары		-		
2.	Тұрмыстық мақсаттағы жоғары жиілікті құрылғылар		-		
3.	Сымсыз радиоену жүйесінің (WLL), ұялы байланыс желісінің (ұялы телефондар, сонымен қатар ұялы байланыс желісінде қолданылатын, бекітілген және басқада	-			



	қондырғылардың құрамына кіретін модемдер) абоненттік терминалдар				
4.	DECT стандартының абоненттік терминалдары	1880 – 1900 МГц	-		Еуропа байланыс стандарттары институтымен (ETSI ) қабылданған ETS–300 175 стандартына сәйкес келу қажет; базалық және абоненттік станциялардың таратқыштарының орташа қуаты 10 мВт–тан аспау қажет; антенналардың күшейткіш коэффициенті 18 дБм–нан артық болмау қажет.
5.	"Сымсыз телефон аппараттары радиотелефондар)	814–815 / 904 –905 (25 кГц ( жиілікті тор қадамымен); 2400 МГц	10 мВт		
6.	Сөйлеуді синхронды аудару аппаратурасы (индуктивті және синхронды)				
7.	Репортаждық және концерттік радиомикрофондар	165,70; 166,10; 166,50; 167,15 МГц	20 мВт		
8.	"Караоке" үлгісіндегі радиомикрофондар	66–74 МГц; 97,5–92 МГц; 87,5–92 МГц	10 мВт		
9.	Репортаждық және концерттік радиомикрофондар	151–216 МГц ; 175–230; 470–638; 710 –726 МГц	5 мВт		
10	Индуктивті телефон байланысы, телебақылау және сигнализация құралдары, кәбілдік хабар тарату және өнеркәсіптік, оның ішінде шахтада пайдаланылатын жоғары жиілікті телевизия жүйелері		-		
11	Автомашиналардың күзет радиосигнализация құрылғысы	26,960 МГц	2 Вт		
		433,073-434,790 МГц	5 мВт		

12	Күзет сигнализациясы мен хабарлауды қашықтықтан басқару құрылғысы	433,075-434,79	10 мВт		
13	Модельдерді радиобасқару аппаратурасы (ұшақтар, катерлер және т.б.)	28,0-28,2 МГц; 40,66-40,70 МГц	10 мВт		
14	Балалар радиосөйлесу құрылғылары мен радиобасқару ойыншықтары	26957-27283 кГц	10 мВт		
15	Штрихкодты этикеткаларды өңдеуге және осы этикеткалардан алған ақпаратты таратуға арналған радиоэлектронды құралдар	430 МГц	10 мВт		
16	Құлағында мүкісі бар адамдарға арналған сөйлеу–есту радиотренажерлері		10 мВт		
17	Кеңселік, қоймалық ғимараттар ішінде пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдар ( санауыштар, өлшеуіштер және т.б.)		250 мВт		
18	ОТ – диапазондағы РЭЖ (27 МГц)	26970-27410; 27410-27860 кГц			
19	Қуаты 2 Вт дейін шағын қуатты алып жүруге болатын РЭЖ	151,625; 159,775; 433.075-434.775; 462,5625; 462,5875; 462,6125; 462,6375; 467,5625; 467,5875; 467,6125; 467,6375; 467,6625; 467,6875; 467,7125 МГц	2Вт		
		433.075-434.775	10 мВт		
		446.000-446.100 ( PMR)	( 500 мВт.		
20	Абоненттік күзет–өрт радиосигнализациясының тарату жабдықтары		5 Вт		

	Short Range Devices - кіші радиус құрылғылары (SRD)				
21	Біліктілендірілмеген SRD Телеметрия (қашықтағы ақпараттың жазбасы немесе бейнесі), телебасқару (қашықтан басқару сигналын беру), сигнализация (қорғау сигнализация құрылғысының іске қосылу талаптарының пайда болу туралы хабарлама; тұрмыстық сигнал қажетті көмек алу мүмкіншілігіне ие болуға арналған, шұғыл көмек көрсету қызметтері, дыбыстық және бейне сигналын беру) Кәсіби емес бейнесигнал таратудың бір бөлігінде	6765-6795 кГц	42 дБмкА/м 10 м қашықтықта		
		13.553-13.567 МГц	42 дБмкА/м 10 м қашықтықта		
		26.957-27.283 МГц	42 дБмкА/м 10 м қашықтықта 10 мВт		
		40.660-40.700 МГц	10 мВт		
		138.20-138.45 МГц	10 мВт		< 1% жұмыс циклы
		433.040-434.790 МГц	10 мВт	25 кГц	< 10% жұмыс циклы
		863-тен 868 МГц-ке дейін	≤ 25 мВт	≤ 100 кГц	< 10% жұмысциклы немесе LBT (Listen Before Talk) + AFA (Adaptive Frequency Agility) Тар/кеңжалақты модуляция.
		2400.0-2483.5 МГц	10 мВт		
		5725-5875 МГц	25 мВт		
		24.00-24.25 ГГц	100 мВт		
		61.0-61.5 ГГц	100 мВт		
		122-123 ГГц	100 мВт		
244-246 ГГц	100 мВт				
22	SRD (қадағалау, есептегіш құрылғысын есептеу, деректерді жинау) Көшкін кезінде адамдарды табуға арналған құрылғы	456.9-457.1 кГц	7 дБмкА/м 10 м қашықтықта	Үздіксіз толқын (CW) – модуляциясыз	Тасқын құрбандарын анықтау. Ескертпе: Орташа жиілік 475 кГц
		169.4–169.475 МГц	500 мВт	Шекті 50 кГц	<10% жұмыс циклы. Есептеуіш көрсеткіші
		169.4–169.475 МГц	500 мВт	Шекті 50 кГц	<1% жұмыс циклы. Бақылау және жолды тарту

23	SRD (деректер беруге арналған кең жолақты жүйелер) W A S / R L A N Деректерді тарату жүйелері\ жергілікті радиожүйелер	2400.0–2483.5 МГц	100мВт		Кең жолақты модуляция үшін, (FSSH)–тан басқа.
		5150–5350 МГц	200 мВт / 1 МГц үшін максималды спектралды тығыздық 10 мВт		Тек қана ғимараттың ішінде қолдану үшін.
		5470–5725 МГц	100 мВт / 1 МГц үшін максималды спектралды тығыздық 10 мВт		Тек қана ғимараттың ішінде қолдану үшін.
		5725-5850	100 мВт / 1 МГц үшін максималды спектралды тығыздық 10 мВт		Тек қана ғимараттың ішінде қолдану үшін.
		17.1–17.3 ГГц	100 мВт		
		57–66 ГГц	40 dBm		Ғимарат сыртында қолдануға болмайды. Шекті орташа тығыздық 13 дБм/МГц–ке дейін шектелген
SRD (теміржолда қолданатын – көліктік құрылғылардың (AVI) автоматтандырылған	2446–2454 МГц	200 мВт		Пойыздың бар болуы кезінде ғана. 2446–2454 МГц ауқымында ені 1,5МГц–тен 5 арна	
	27.090 – 27.100 МГц	42 дБмкА/м 10 м қашықтықта		Tele–poweringсигналы ретінде және Бализ/Евробализ (теміржолдың нүктелік тетігі) үшін деректерді абонентке тарату (Down–link)үшін қолданылады. Loop/ Euroloop іске қосу үшін де қолданылуы мүмкін. Ескертпе: Орталық жиілігі 27,095 МГц	
				< 1% жұмыс циклі. Tele–poweringжәне Бализ/Евробализ(теміржолдың нүктелік	

24	сәйкестендіру, жол датчиктерінің жүйесі, нұсқау жүйесі	984 – 7484 кГц	9 дБмкА/м 10 м қашықтықта		тетігі) сигналдарын пойыздан алғаннан кейін ғана таратуға болады. Ескертпе: Орталық жиілігі 4234 кГц
		516 – 8516 кГц	7 дБмкА/м 10 м қашықтықта		
		7.3 – 23.0 МГц	-7 дБмкА/м 10 м қашықтықта		Шекті өріс кернеулігі 10 кГц жолақта 200 м қашықтық сайын алынған орташа мәнімен көрсетілген. Пойыздың бар болуы кезінде ғана. Спектр сигналын кеңейту, код ұзындығы : 472 чип. Ескертпе: Орталық жиілік 13,547 МГц
25	SRD (жол қозғалыстарын басқару және автомобиль көлігі үшін арналған (RTTT) ақпаратты өңдеудің және таратудың ықпалдастырылған құрылғысы)	76–77 ГГц	55 dBm		Қуат деңгейлері: 55 дБм, жоғарғы қуаты: 50 дБм орташа қуаты: 23,5 дБм, орта қуат тек импульстік радар үшін. Өндірістік және көліктік радиолокациялық жүйелер.
		24.050-24.075 ГГц	100 мВт		Көліктік радар үшін
		24.075-24.150 ГГц	0.1 мВт		Көліктік радар үшін
			100 мВт		Көліктік радар үшін. Көлік бамперлерінің артында орналасқан құрылғылар үшін талаптар 3мс/40кГц кідірудің максималды уақыты әр 3 мс сайын.
24.150–24.250 ГГц	100 мВт		Көліктік радар үшін		
		2400.0–2483.5 МГц	25 мВт		
		9200–9500 МГц	25 мВт		
		9500–9975 МГц	25 мВт		
		10.5–10.6 ГГц	500 мВт		

26	SRD (радиоанықтағыш)	13.4–14.0 ГГц	25 мВт			
		24.05–24.25 ГГц	100 мВт			
		4.5–7.0 ГГц	-41.3 дБм/ МГц			Резервуардағы сұйықтық деңгейін өлшеуші радиокұрылғы (TLPR)
		8.5–10.6 ГГц	-41.3 дБм/ МГц			Резервуардағы сұйықтық деңгейін өлшеуші радиокұрылғы (TLPR)
		24.05–27.00 ГГц	-41.3 дБм/ МГц			Резервуардағы сұйықтық деңгейін өлшеуші радиокұрылғы (TLPR)
		57–64 ГГц	-41.3 дБм/ МГц			Резервуардағы сұйықтық деңгейін өлшеуші радиокұрылғы (TLPR)
		75–85 ГГц	-41.3 дБм/ МГц			Резервуардағы сұйықтық деңгейін өлшеуші радиокұрылғы (TLPR)
		17.1–17.3 ГГц	+26 дБм			Синтезделген апертуралық антеннасы бар жерлік радиолокаторлар (GBSAR)
27	SRD (қозғалысты қадағалу үшін арналған құрылғы және сигнал құрылғысы)	868.6–869 МГц	10 мВт	25 кГц	Әлеуметтік-тұрмыстық сигнал беру құрылғылары	
		169.4750–169.4875 МГц	10 мВт	25 кГц	Әлеуметтік-тұрмыстық сигнал беру құрылғылары (арнайы)	
		169.5875–169.6000 МГц	10 мВт	25 кГц	Әлеуметтік-тұрмыстық сигнал беру құрылғылары (арнайы)	
28	SRD (модельдерді басқару)	26.995, 27.045, 27.095, 27.145, 27.195 МГц	100 мВт	10 кГц		
		34.995–35.225 МГц	100 мВт	10 кГц	Әуеде ұшатын модельдер үшін ғана	
		40.665, 40.675, 40.685, 40.695 МГц	100 мВт	10 кГц		

9 – 90 кГц	72 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		Сыртқы антеннаны қолданғанда тек жиектемелі антенналарға ғана қолданылады. Өріс кернеулігінің деңгейі төмендеу бойынша 3 дБ / окт 30 кГц
90–119 кГц	42 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		Сыртқы антеннаны қолдану барысында сыртқы антенналарға жиектемелі антенналарды қолдана алады
119–135 кГц	66 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		Сыртқы антенналарды қолданғанда тек жиектемелі антенналар ғана қолданылады. Өріс кернеулігінің деңгейі төмендеу бойынша 3 дБ / окт 119 кГц үшін
135–140 кГц	42 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		Сыртқы антенналарды қолданғанда тек жиектемелі антенналар ғана қолданылады.
140–148.5 кГц	37.7 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		Сыртқы антенналарды қолданғанда тек жиектемелі антенналар ғана қолданылады.
6765–6795 кГц	42 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		
7400–8800 кГц	9 дБмкА/м 10 м қашықтықта		
13.553–13.567 МГц	42 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		
13.553–13.567 МГц	60 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		Тек RFID ( радиожиіліктік сәйкестендіру) және EAS (ұрлыққа қарсы жүйе)
26.957–27.283 МГц	42 дБмкА/м 1 0 м қашықтықта		
10.200–11.000 МГц	9 дБмкА/м 10 м қашықтықта		

29 SRD (индукциялық мақсатта қолдану)	3155–3400 кГц	13.5 дБмкА/м 10 м қашықтықта	Сыртқы антенналарды қолданғанда тек жиектемелі антенналар ғана қолданылады.
	148.5 кГц – 5 МГц	–15 дБмкА/м 10 м қашықтықта	Сыртқы антенналарды қолданғанда тек жиектемелі антенналар ғана қолданылады. Шекті өріс кернеулігінің деңгейі 10 кГц жолақ үшін берілген. Максималды рұқсат етілетін өріс кернеулігінің деңгейі – 5 дБмкА / м 10 м қашықтықта 10 кГц жолақта жұмыс істейтін және тығыздық шектеуін сақтағанда ғана (–15 дБмкА / м 10 кГц жолақ үшін)
	5 – 30 МГц	–20 дБмкА/м 10 м қашықтықта	Сыртқы антенналарды қолданғанда тек жиектемелі антенналар ғана қолданылады. Максималды өріс кернеулігінің деңгейі 10 кГц жолақ үшін берілген. Максималды рұқсат етілетін өріс кернеулігінің деңгейі – 5 дБмкА / м 10 м қашықтықта 10 кГц жолақта жұмыс істейтін және тығыздық шектеуін сақтағанда ғана (–20 дБмкА / м 10 кГц жолақ үшін)
	400 – 600 кГц	–8 дБмкА/м 10 м қашықтықта	RFID үшін. Сыртқы антенналарды қолданғанда тек жиектемелі антенналар ғана қолданылады. Максималды өріс кернеулігінің деңгейі 10 кГц жолақ үшін берілген. Максималды рұқсат етілетін өріс кернеулігінің деңгейі – 5 дБмкА / м 10 м қашықтықта 10 кГц



					жолақта жұмыс істейтін және тығыздық шектеуін сақтағанда ғана (–8 дБмкА / м 10 кГц жолақ үшін). Бұл жүйелер 30 кГц жолақта істеуі керек.
30	SRD (радиомикрофондар және есту қабілеттілігін жақсарту үшін арналған құрылғы)	173.965–174.015 МГц	2 мВт	50 кГц	Есту қабілеті төмендеген адамдар үшін құрылғылар
		863–865 МГц	10 мВт		
31	SRD (радиожиілік сәйкестендіруін қолдану)	2446–2454 МГц	> 200 мВт		500 мВт қуат деңгейі ғимарат ішінде қолданумен шектелген, әрі 200 мс уақыт аралығында жұмыс циклы ? 15% болуы керек. (30 мс қосулы / 170 мс в өшірулі жағдайда).
		865.0–868.0МГц	100 мВт	200 кГц	
32		9–315 кГц	30 дБмкА/м 10 м қашықтықта		Белсенді медициналық имплантаттар жүйесі үшін телеметрия мақсатында индуктивті цикл әдісімен қолданылады
		315–600 кГц	–5 дБмкА/м на расстоянии 10 м		Жануарларға имплантталатын құрылғыларда қолданылады
		30–37.5 МГц	1 мВт		Өте аз энергия тұтынушылықпен қан қысымын өлшеуге арналған медициналық мембраналық имплантаттарда қолданылады
		12.5–20 МГц			Жануарларға имплантталатын активті құрылғыларда қолданылады, ғимарат ішінде қолданумен шектелген. Максималды өріс кернеулігі 10 кГц жиілік жолағында көрсетілген. Оны тарату келесі

	Медицинада сымсыз қолдану (Белсенді медициналық имплантаттар)		-7 дБмкА/м 10 м қашықтықта		ретпен жүзеге асырылады: • 3 дБ – 300 кГц жиілік жолағы үшін • 10 дБ – 800 кГц жиілік жолағы үшін • 20 дБ – 2 МГц жиілік жолағы үшін
		2483.5-2500 МГц	10 дБм		Белсенді медициналық имплантаттар үшін және оларға қатысты бірегей стандартқа сәйкес келетін аз қуатты қосымша құрылғылар үшін. Жеке таратқыштар жиілік жолағын арттыру үшін динамикалық негізде көршілес арналарды біріктіре алады. Перифериялық құрылғылар ғимарат ішінде қолданумен шектелген.
33	Сымсыз аудио қолданулар	863–865 МГц	10 мВт		Мультимедиа мен сымсыз аудионы таратудың құрылғылары.
		1795–1800 МГц	20 мВт		
		87.5–108.0 МГц	50 нВт (нановатт)	200 кГц	
34	Спутниктік навигация жүйесінің (ГЛОНАСС, GPS) радиосәулелендіру құрылғылары, оның ішінде басқа құрылғылардың құрамына кіретін немесе бекітілген құрылғылар құрамына кірмейтін радиоқабылдағыш құрылғылар				

Ескертпе: көрсетілген негізгі қысқартулар:

\* Пайдалану үшін рұқсат құжаттары талап етілмейтін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар. Сондай-ақ, тізбеде көрсетілген радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану барысында Ұлттық кестеге сәйкес рұқсат құжаттары бойынша жұмыс жасайтын РЭҚ мен ЖЖҚ-ға радиокедергі

жасамауы тиіс, ал оның қолданушылары туындаған кедергілерден қорғауды талап етпейді;

SRD – System Reference Document;

дБм – децибел-милливатт;

WLL – wireless local loop (сымсыз қолжетімділік жүйесі);

DECT – Digital Enhanced Cordiess Telecommunication.

ГГц – гигагерц;

МГц – мегагерц;

GBSAR – Ground-based Syntkhetic Aperture Radar (синтезделген апертуралық антеннасы бар жерлік радиолокаторлар);

мВт – миливатт;

ЭИСК – Эквиваленттік изотроптық сәуле шығару қуаты;

кГц – килогерц;

ГЛОНАСС – Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйесі;

GPS – Global Position System (жаһандық позициялау жүйесі).

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің  
2017 жылғы 28 шілдедегі  
№ 270 бұйрығына  
2-қосымша

Жиіліктер белдеулерін,  
радиожіліктерді (радиожілік  
арналарын) иелікке беру,  
радиоэлектрондық құралдар  
мен жоғары жиілікті  
құрылғыларды пайдалану,  
сондай-ақ азаматтық мақсаттағы  
радиоэлектрондық құралдардың  
электромагниттік үйлесімділігін  
есептеуді жүргізуқағидаларына  
2-қосымша

## **Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері/мемлекеттік техникалық қызмет**

---

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат / радиоэлектрондық құралдарды (жоғарғы  
жиілікті

құрылғы) пайдалануға рұқсат / электромагниттік үйлесімділік қорытындысын  
беруіңізді  
сұраймын.

# ӨТІНІМ

---

(Қазақстан Республикасының қаласын, ауданын, облысын көрсету)

Ұйым туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны \_\_\_\_\_

---

2. Құрылған жылы \_\_\_\_\_

---

3. Мекенжайы \_\_\_\_\_

---

(пошталық индексі, облысы, ауданы, көшесі, үйдің №, телефон)

4. Өтінім беруші туралы байланыс мәліметі

---

(Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жұмыс телефоны, электрондық мекенжай)

5. Есеп айырысу шоты \_\_\_\_\_

---

(шот №, банктің атауы және орналасқан жері)

6. Банктік реквизиттер \_\_\_\_\_

---

7. БСН/ЖСН \_\_\_\_\_

---

8. Қызмет көрсету түрі \_\_\_\_\_

---

(лицензиялы қызмет көрсету болған жағдайда, лицензияның нөмірі және сериясы)

9. Қоса берілетін құжаттар:

Басшы \_\_\_\_\_

---

(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Өтініш алынды: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

---

(жауапты тұлғаның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің  
2017 жылғы 28 шілдедегі

№ 270 бұйрығына

3-қосымша

Жиіліктер белдеулерін,  
радиожіліктерді (радиожілік  
арналарын) иелікке беру,  
радиоэлектрондық құралдар  
мен жоғары жиілікті  
құрылғыларды пайдалану,  
сондай-ақ азаматтық мақсаттағы  
радиоэлектрондық құралдардың  
электромагниттік үйлесімділігін  
есептеуді жүргізу қағидаларына  
3-қосымша

## **Ұялы байланыстың базалық станциясына сауалнама (2G, 3G, 4G)**

**1-БӨЛІМ – ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР**

**1. Жалпы  
деректер**

1-а. Орнатылатын  
облыс: \*

1-г. Секторлардың  
жалпы саны: \*

1-б. Орнатылатын  
аудан: \*

1-і. Модуляция түрі:

1-с. Елді мекен: \*

1-ж. Көрші арна  
бойынша таңдау, дБ:  
\*

1-д. Көше: \*

1-к.  
Интермодуляциялық  
таңдау, дБ: \*

1-е. Үй\Құрылыс:

1-л. Поляризация: \*

1-ф. 1-ф.  
Географиялық  
координаттары  
С.Е.: \*

1-ф. Географиялық  
координаттары  
Ш.Б.: \*

**1-н. Сәуле шығару класы**

Қажетті жолақ ені: \*

Өлш. бірл.: \*

Негізгі тасымалдаушының  
модуляциясының түрі: \*

Негізгі тасымалдаушыны  
модуляциялайтын сигнал (дар) дың  
сипаты: \*

Жіберілетін ақпарат түрі: \*

Сигнал (дар) жайында нақты  
мәліметтер:

Тығыздалу сипаты:

**2. Техникалық деректер**2-а. Қабылдап-таратқышты өндіруші: \* 2-б. Қабылдап-таратқыштың моделі: \* 2-с. Қондырғының сериялық нөмірі: \* 2-д. Сезімталдылығы, мкВ: \* 2-е. Антеннаның бағыттылығы: \* 

2-ф. Сектор нөмірі	2-г. Антеннаны өндіруші	2-д. Антеннаның моделі	2-и. Күшейту коэффициенті, дБи	2-ж. Максималды сәуле шығару азимуты, град

2-к. Антеннаның іліну биіктігі, м	2-л. Орынның бұрышы, град	2-м. АФҚ-дағы шығындар, дБ	2-н. Таратқыштың қуаты (секторға), Вт	2-о. Базалық станция сотасының сәйкестендіргіші(Cell ID/CI)/Қызмет көрсету зонасының коды (SAC)

**2-р. Базалық станцияның сәйкестендіру нөмірі (BSIC)**Желінің түстік коды (NCC): \* Базалық станцияның түстік коды (BCC): \* **2-қ. Орналасу сәйкестендіргіші (LAI)**



Мемлекет коды (MCC): *	<input type="text"/>
Мобильді желі коды (MNC): *	<input type="text"/>
Елді мекен коды (LAC)/ Бақылау зонасының коды (TAC): *	<input type="text"/>
<b>2-г. Байланыс стандарты: *</b>	<input type="text"/>
<b>2-с. Жілік жоспарына сәйкес арналар (GSM 900, GSM 1800, UMTS, CDMA 450, CDMA 800, LTE): *</b>	
<input type="text"/>	

<b>2 - БӨЛІМ – ҚОСЫМША АҚПАРАТ</b>	
РЖС пайдалануға берілген рұқсатының нөмірі:	<input type="text"/>
Рұқсат берілген күн:	<input type="text"/>
Рұқсаттың жарамдылық мерзімі:	<input type="text"/>

Қосымша: Planet форматында антенналарды көлденең/тігінен жазықтықтағы бағыттылығының нормаланған диаграммасы, қабылдап-таратқыштың нормаланған АЖС, жиіліктер торы.

Осы сауалнамадағы мәліметтер толық және шындыққа сәйкес екенін куәландырамын.

Тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болған жағдайда)

Қолы

Лауазымы

Күні

Ескертпе: Ұялы байланысының базалық станциясы сауалнамасында көрсетілген негізгі қысқартулар:

- \* - толтыруға міндетті бөлік;
- АФҚ – антендік-фидерлік құрылғы;
- АЖС – амплитудалық-жиіліктің сипаттамасы;
- Вт – ватт;
- С.Е. және Ш.Б – солтүстік ені және шығыс бойлық;
- град. – градус;
- дБ – децибел;
- дБи – изотропты децибел;
- м – метр;
- мкВ – микровольт;
- РЭҚ – радиоэлектронды құрал;
- BCC- Base station Colour Code (Базалық станцияның түстік коды);
- BSIC – Base Station Identity Code (Базалық станцияның сәйкестендіру нөмірі);
- CDMA – Code Division Multiple Access (Кодтық бөлінуі бар көптік қолжетімділік);
- Cell ID - Cell Identifier (Сота сәйкестендіргіші. GSM және LTE стандарттары үшін көрсетіледі);
- GSM – Global System for Mobile Communications (Мобильді байланыстың жаһандық жүйесі);
- LAC - Location Area Code (Елді мекен коды. GSM және UMTS стандарттары үшін көрсетіледі);
- LAI- Location Area Identification (Орналасу сәйкестендіргіші);
- LTE - fourth generation (ұялы байланыстың төртінші буыны);
- MCC - Mobile Country Code (Мемлекет коды);
- MNC - Mobile Network Code (Мобильді желі коды. Барлық стандарттар үшін көрсетіледі);
- NCC- Network Colour Code (Желінің түстік коды);
- SAC - Service Area Code (Қызмет көрсету зонасының коды. UMTS стандарты үшін көрсетіледі);
- TAC - Tracking Area Code (Бақылау зонасының коды. LTE стандарты үшін көрсетіледі);
